

Тағамдық инфекция және улану. Атаулы, жақты, жақсыз сөйлем



Акимжан Сумбат
Бт 15-21

- **Тамақтан улану.**Сапасыз (инфекцияланған) мал өнімдерінен жасалған тағамдарды қабылдаған кезде (ет, балық, шұжық өнімдері, ет және балық консервілері, сүт пен одан жасалған тағамдары – крем, балмұздақ және т.б.) улану пайда болады. Улануды осы тағамдардағы микробтар мен олардың тіршілік өнімдері токсиндер туғызады. Ет пен балық хайуанаттардың тірі кезінде улы болу мүмкін, алайда бұл көп жағдайда тамақты даярлау барысында және тамақ өнімдерін дұрыс сақтамаудан пайда болады. Әсіресе ұсатылған ет оңай бұзылады (паштет, тартылған ет, қағырылған сіңір). Тамақтан улану кенеттен пайда болуымен және өте қысқа инкубациялық үзіліспен сипатталады.
- **Алғашқы көмек** – асқазанды әлсіз сода ерітіндісімен, марганец қышқыл калиймен шаю, айдағыш тазартқыш клизма беру көп ыстық су ішкізу.



- **Жұқтыру** немесе **Инфекция** — ауру қоздырғыштарының адам немесе жануарлар ағзасына енуінен туындайтын әр түрлі жұқпалы үрдістердің түрлері (ауру, кесел қоздырғыштарын өзімен тасымалдау).
- Әрбір жұқпалы аурудың дерттенуі (патогенезі) сол аурудың қоздырушысы мен ағзаның оған жауап қайтаруының өзіне тән ерекшеліктерімен айқындалады және де ол осы микро және макроағзалардың бір-біріне әсер еткен кездегі ортаның жағдайына тәуелді болады. Бұл жағдайда қоздырушының дерттенуіне



Жиі улану әсерін беретін өнімдер

- ет
- балық
- шұжық
- консервілер
- сорпа



Өнімдердің инфекциялануы байланысты:

- Дайындама ережелерін бұзу
- Пісіру
- Сақталуы
- Сыртқы түрі ластанған тамақ өзгерту мүмкін емес



Кейбір балық түрлері улану тудыруы мүмкін

- Маринка



- Усач



- Храмуля





Ішек инфекциясының белгілері

Жүрек айнуы, құсу, диарея, қайталанатын ауырсыну, және спазм ауыруы болып табылады. Кейде осы симптомдар бір немесе екі күн ішінде кетеді, арнайы емдеу қажет етпейді. Алайда, құбылыстары тынышсыз бірнеше күн бойы сақталады, және сусыздандыру белгілері (ауыздың құрғауы, бас айналу, қара, сары несеп немесе зәр шығару көлемі мен жиілігін азайту), онда сіз дереу дәрігеріңізбен кеңесіңіз қажет.

Аурулар

- Дизентерия
- іш сүзегі
- паратифпен
- Вирусты гепатит (Боткин ауруы)
- сальмонеллез



Жұқтыру әдістері

- Лас қолдар арқылы
- Жұқтырылған есік тұтқалары сүлгілер ойыншықтар
- Ыдыс және басқа да тұрмыстық заттар



Атаулы сөйлем

- **Атаулы сөйлем** — жай сөйлемнің түрі. Ойға қатысты бір ғана атауыш сөзден немесе сөз тіркесінен арнаулы интонациясы арқылы логикалық ыңғайда құралып, баяндау мазмұны мәтінге қатысты айқындалатын бір құрамды сөйлем

- А. с. мағынасы жағынан: а) заттың, құбылыстың, болмыстың ақиқаттығын бейнелей атап көрсетеді: Айдала. Көлдің биік қабағы... Күн батып барады
- ә) ақиқатты эмоциялы-сезімдік ыңғайда атап көрсетеді: Шіркіннің күлкісі!..

- Құрамы жағынан
- жалаң,
- жайылма,
- дара,
- күрделі болады: Үскірік. Аяз. Тұлданаған күн. Ауыл. Үй саны жиырма шақты (Б. Майлин). Оқымай кеткір! Көзі ашық қой, жөн сілтейді ғой десем, жаудың табанына салып бермек (Б. Майлин).
- А.с. көркем әдебиетте ойды ықшам да бейнелі етіп, кейіпкер мінезін аша түсу үшін қолданылады

Жақты сөйлем

- **Жақты сөйлем — бастауышы мен баяндауышы қиыса байланысқан жай сөйлемнің бір түрі. Жақты сөйлемнің бастауышы болады немесе сөйлемнің мазмұнынан бастауышының қай сөз екенін табуға болады. Жақты сөйлем үшке бөлінеді:**
- **1) арнаулы жақты сөйлем (“Мен оқын. Сіз тыңдаңыз”); 2) ауыспалы (ортақ) жақты сөйлем (“Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра”); 3) бастауышы белгісіз жақты сөйлемнегізінен, 3-жақта айтылады. Бастауышы қай сөз екені сөйлемнің мазмұнынан аңғарылады. (“Біздің бала кезімізде отты шақпақ таспен тұтататын еді”).**

Жақсыз сөйлем

- **Жақсыз сөйлем** — сөйлемдегі айтылар ой бастауыштан басқа сөйлем мүшелері арқылы берілетін жай сөйлемнің түрі. Жақсыз сөйлемнің бастауышы болмайды, оның жоқ екені сол сөйлемнің баяндауышынан білінеді. Мысалы, “Қазилаға Сәкенмен бірге жүруге тура келді”. Жақсыз сөйлемнің баяндауышы бірнеше жолмен:
- Барыс жалғаулы тұйық етістіктен кейін “бол”, “тура кел” деген көмекші сөздердің келуі арқылы (“Бұдан бірдемелерді ойлап шығаруға болады”);
- “-ғы, -гі”, “-қы, -кі” жұрнақты қалау рай арқылы (“Оның ештеңеге қарағысы келмейді”);
- Атау я барыс септік жалғаулы тұйық етістікке, “керек”, “қажет” сөздері тіркесу арқылы (“Енді бізге ауылдағы адамдардың көңіл күйін білу керек”);
- Тәуелдік жалғаулы тұйық етістікке “мүмкін”, “тиіс” сөздері тіркесу арқылы (“Біздің баруымыз керек”);
- Иұрақты сөз тіркестерінен (“Оның ішек-сілесі қатты”. “Мұртын балта кеспейді”) жасалады.

● Тапсырма:

● 1. Атаулы сөйлемге 5 сөйлем құрастыр

● 2. Жақты және жақсыз сөйлемге 4 сөйлем құрастыр

● 3. Жұмбақты шеш:

● 1. Жердің жүзін шарлайсың

● Онсыз еш жерге бармайсың

● Көлікпен де, жаяу да

● Саралайсың, таңдайсың. /Жол

● 2. Асты тас,

● Үсті тас,

● Ортасында шандыр бас. Тасбақа

● 3. Тең, тең тең киіз,

● Екі ортасы кең киіз. Аспан, жер

● 4. Кішкене ақ шыныда екі түрлі су. /Жұмыртқа

● 5. Жетпіс екі найзаны, Біріктіріп ұстап тұр, Ата-бабаның қай жаны, Ие болса оған — ұшпақ бір. / Шаңырақ

● 6. Қар мұз еріп, су көбейіп, Сай салаға толады. Бүршік жарып, жарық ашып, Гүл бәйшешек басады. /Көктем

● 7. Ағайынды бәрі:

● Шықса-көк, Түссе-сары.
/жапырақтар

● 8. Үсті тас, асты тас,
Ортасында піскен ас.